

**«Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының Басқарма
отырысының хаттамасынан үзінді көшірме**

Алматы қаласы

№ 11

2025 жылғы 01 шілде

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) Басқарма отырысының өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 160.

Басқарма отырысы 10 сағат 00 минутта ашылды.
Отырысқа басқарманың келесі мүшелері қатысты:

Молдахмет Мансұр Серікұлы
Басқарма төрағасы

Асқаров Азамат Исламұлы
Төрағаның орынбасары – Басқарма мүшесі

Жексембаев Дәулен Мұратұлы
Төрағаның орынбасары – Басқарма мүшесі

Шешім қабылдауға арналған кворум бар.

Қатысқандар:

Әлихан З.А. – Құқықтық қамтамасыз ету және талап-арыз жұмысы департаментінің бас менеджері, Қор Басқармасының хатшысы;

Нусупкулов А.К. – Қордың әкімшілік-шаруашылық қызметі департаментінің директоры.

Басқарма төрағасы келесі күн тәртібін бекітті:

№	Мәселенің атауы	Баяндамашы
6	«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-да мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу регламентін бекіту туралы	Нусупкулов А.К.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША:

Күн тәртібінің «Қазақстанның инвестициялық қоры «АҚ-да мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу регламентін бекіту туралы» алтыншы мәселесі бойынша Қордың Әкімшілік-шаруашылық қызмет департаментінің директоры А.К. Нусупкулов сөз сөйледі.

Талқылау және дауыс беру қорытындылары бойынша «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 1-тармағына, Қор Жарғысының 58-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **Қор Басқармасы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-да мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу регламенті осы шешімнің №6 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Дауыс беру нысаны: БЕТПЕ-БЕТ

Жетінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:

«Қолдап» – 3 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалды» – жоқ.

Басқарма отырысы 10 сағат 30 минутта жабық деп жарияланды.

«Үзінді көшірме дұрыс»

Басқарма хатшысы
Әлихан З.А.

«Қазақстанның инвестициялық қоры»
АҚ Басқарма отырысының
2025 жылғы № хаттамасына 6-қосымша

«Қазақстанның инвестициялық қоры»
АҚ Басқармасының
2025 жылғы _____ шешімімен бекітілген
(№____ хаттама)

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЫ» АҚ-ДА МЕМЛЕКЕТТІК
САТЫП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ**

Алматы қаласы, 2025 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу регламенті (бұдан әрі – Регламент) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру процесінде Қор мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейді.

2. Регламент талаптары Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті.

3. Регламент «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес әзірленді.

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - ұйымдастырушы) тұлғасында Қор болып табылады.

5. Мемлекеттік сатып алудың бастамашысы тапсырыс беруші болып табылатын және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлайтын Қордың құрылымдық бөлімшесі болып табылады (бұдан әрі – сатып алудың бастамашысы, тапсырыс беруші).

2. Мемлекеттік сатып алу нысаны болып табылмайтын және Заң нормаларын қолданбай жүзеге асырылатын сатып алулар

6. Сатып алу бастамашысы келесі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда сатып алуды заң талаптарын сақтамай дербес жүзеге асыруға құқылы:

- 1) еңбек шарттары бойынша жеке тұлғалардан сатып алынатын қызметтер;
- 2) ақылы қызметтер көрсету шарттары бойынша кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан сатып алынатын көрсетілетін қызметтер;
- 3) іссапар шығыстарын жүзеге асыруға байланысты көрсетілетін қызметтер;
- 4) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;
- 5) жарналар (салымдар), оның ішінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына енгізу.

7. Осы Регламенттің 6-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген сатып алуды жүзеге асырғанға дейін сатып алу бастамашысы мұндай сатып алуды жүзеге асыруды сатып алу бастамашысының, сатып алуды жүзеге асыруға, бюджетті жоспарлауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және сатып алу бастамашысы ретінде әрекет ететін құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен келісуге міндетті.

3. Мемлекеттік сатып алу процесі

8. Мемлекеттік сатып алу процесі мыналарды қамтиды:

- 1) мемлекеттік сатып алуды жоспарлау;
- 2) өнім берушіні таңдау және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу;
- 1) мемлекеттік сатып алуды жоспарлау;

4. Сатып алуды жоспарлау

9. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді Қор бекітілген не нақтыланған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) негізінде қабылдайды.

10. Тиісті бюджет (даму жоспары) негізінде Қор Қағидаларда айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (бұдан әрі - МСА жоспары) әзірлейді және бекітеді.

11. МСА жоспарын Қор тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілген (нақтыланған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді (нақтылайды).

12. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу басымдығына негізделуі тиіс.

13. Қордың кезекті қаржы жылына арналған тиісті бюджеті (даму жоспары) бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сатып алу бастамашысы МСА жоспарын қалыптастыру үшін осы Регламентке № 1 қосымшаға сәйкес сатып алу бастамашысы басшысының бұрыштамаларымен ұйымдастырушыға мемлекеттік және орыс тілдерінде өтінім береді.

Өтінімде көзделген сатып алу сомалары тиісті бюджетте (даму жоспарында) көзделген сомаларға сәйкес келуге тиіс, бұл ретте өтінімге тиісті бюджетте (даму жоспарында) көзделмеген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер енгізілуге жатпайды.

14. Қалыптастырылғаннан кейін МСА жоспары сатып алуды жүзеге асыруға, бюджетті жоспарлауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, сатып алуды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен не оларды алмастыратын тұлғалармен келісіледі және оны Қордың Басқарма төрағасы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

15. Ұйымдастырушы МСА жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырады (www.goszakup.gov.kz).

16. Заңның 16-бабы 3-тармағының 3), 6), 21), 22), 23) және 24) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер, сондай-ақ осы Регламенттің 6-тармағында көзделген сатып алу туралы мәліметтер МСА жоспарына енгізілуге жатпайды.

17. Заңның 16-бабы 3-тармағының 3), 6), 21), 22), 23) және 24) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, сондай-ақ осы Регламенттің 6-тармағында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда тиісті бюджетте (даму жоспарында) және бекітілген (нақтыланған) МСА жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

18. Тиісті бюджет жобасының (даму жоспарының) негізінде Қор мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын (бұдан әрі – МСА алдын ала жоспарын) әзірлеуге және бекітуге құқылы.

19. МСА алдын ала жоспары МСА жылдық жоспары бекітілгенге дейін қолданылады.

20. МСА алдын ала жоспарында көзделген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер МСА жылдық жоспарына ауысады.

5. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу

21. Қор МСА жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

22. МСА жоспарына өзгерістер енгізу Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

23. Тиісті бюджетте (даму жоспарында) және МСА жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін сатып алу бастамашысы қызметтік жазбаның негізінде тиісті бюджетке (даму жоспарына) өзгерістер енгізуді негіздеуі тиіс.

Тиісті бюджетке (даму жоспарына) өзгерістер енгізуді негіздей отырып, сатып алу бастамашысының қызметтік жазбасы бюджетті жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшемен және сатып алу бастамашысы ретінде әрекет ететін құрылымдық бөлімшеге

жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен келісіледі және қарау және бекіту (бұрыштама қою) үшін Қордың Басқарма төрағасына жіберіледі.

24. Бюджетті, тиісті бюджетті (даму жоспарын) жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше қызметтік жазбаның (Қордың Басқарма төрағасының оң жауабымен) негізінде түзеткеннен кейін ұйымдастырушы сатып алуды жүзеге асыруға, бюджетті жоспарлауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, сатып алуды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен не оларды алмастыратын тұлғалармен келісілген және Қордың Басқарма төрағасы не оны алмастыратын тұлға бекіткен МСА жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

25. Қордың тиісті бюджетін (даму жоспарын) өзгертуді қозғамайтын МСА жоспарына енгізілетін барлық өзгерістерге сатып алу бастамашысы қызметтік жазбаның негізінде МСА жоспарына өзгерістер енгізуді негіздеуі тиіс.

Қызметтік жазбаның негізінде ұйымдастырушы сатып алуды жүзеге асыруға, бюджетті жоспарлауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, сатып алуды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен не оларды алмастыратын тұлғалармен келісілген және Қордың Басқарма төрағасы не оны алмастыратын тұлға бекіткен МСА жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

6. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

26. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде республикалық бюджеттің заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі, бұл ретте баға шешуші шарт болып табылады.

27. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу рәсімі мынадай дәйекті іс-шаралар жүргізуді көздейді:

1) Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізу үшін сатып алу бастамашысы ұйымдастырушыға мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай құжаттарды ұсынады:

осы Регламенттің № 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт үшін ерекше талаптарды көрсете отырып өтінім;

бюджетті жоспарлауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және сатып алудың бастамашысы ретінде әрекет ететін құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен не оларды алмастыратын тұлғалармен келісілген осы Регламенттің № 3 қосымшасына сәйкес техникалық ерекшелік.

Тапсырыс берушілер ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті әзірлейді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте сатып алынатын тауарлардың қысқаша сипаттамасы Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талапты қамтуы тиіс.

Осы Регламенттің 27-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген өтінімді беру мерзімі МСА жоспарында көрсетілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жоспарланған мерзіміне сәйкес келуі тиіс.

Техникалық ерекшелікте мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мынадай жағдайларын қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ, егер мұндай нұсқау сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын болса, өзге де сипаттамаларға нұсқауларды ұстауға жол берілмейді:

негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) толықтыру, жаңғырту және жете жарактандыру үшін;

тауарды лизингке беру жөніндегі қызметтерді жеткізушіні айқындау және лизинг нысанасын егжей тегжейлі сипаттау қажеттілігінің туындауы үшін;

тапсырыс берушіде бар тауарды жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету үшін;

егер олар дәрігерлік консилиумдар мен медициналық-генетикалық қорытындылардың қорытындылары бойынша белгіленген медициналық көрсетілімдері (жеке төзімсіздік, өмірлік көрсеткіштері бойынша) бар пациенттерге қатысты қолдану үшін сатып алынса, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, кохлеарлық импланттарды, дәрілік заттарды және емдік тағамның мамандандырылған өнімдерін сатып алу үшін;

нарықта ұсынылған және қолжетімді, құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарларды сатып алу үшін.

Заңның техникалық ерекшеліктің мазмұнына, жасалуына және талаптарына сәйкестігіне сатып алу бастамашысы жауапты болады.

2) сатып алу бастамашысынан өтінім алғаннан кейін, ұйымдастырушы:

3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруларды орналастырады;

мемлекеттік сатып алу веб-порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыру жобасында 3 (үш) жұмыс күні ішінде шарттың жобасын жасайды;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталының қорытындыларын шығаруын бақылауды жүзеге асырады;

4) ең төмен баға ұсынған әлеуетті өнім берушімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

5) егер ең төмен бағаны ұсынған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шарт екінші орын алған әлеуетті өнім берушімен жасалады.

28. Егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушінің бір ғана баға ұсынысы ұсынылса, мұндай мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталымен автоматты түрде өткізілмеді деп танылады және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы әлеуетті өнім берушіден бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады. Бұл ретте жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан аспауы тиіс.

29. Егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушілердің бірде-бір баға ұсынысы ұсынылмаса, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу веб-порталы Заңның 15-бабының 8-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын автоматты түрде қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің екіден аз баға ұсынысы қалса, онда мұндай мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылады және мемлекеттік сатып алуды

ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

30. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу екі рет өткізілмеген деп танылған жағдайда, ұйымдастырушы сатып алу бастамашысын хабардар етеді.

31. Егер мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған осы Регламенттің 29-тармағында көзделген шаралар мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға әкеп соқпаса, мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылады.

7. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

32. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі мынадай дәйекті іс шараларды өткізуді көздейді:

1) Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін сатып алу бастамашысы ұйымдастырушыға мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай құжаттарды ұсынады:

осы Регламенттің № 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт үшін ерекше талаптарды көрсете отырып өтінім;

конкурстық құжаттамаға 5 / 6 / 7 / 8 қосымшаға сәйкес біліктілік талаптары (Қағидаларға 4-қосымша);

осы Регламентке № 4 / № 4-1 / № 4-2 / № 4-3 қосымшаға сәйкес бюджетті жоспарлауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және сатып алудың бастамашысы ретінде әрекет ететін құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен не оларды алмастыратын тұлғалармен келісілген техникалық ерекшелік;

конкурстық комиссияның құрамы;

Осы Регламенттің 32-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген өтінімді беру мерзімі МСА жоспарында көрсетілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жоспарланған мерзіміне сәйкес келуі тиіс.

Тапсырыс берушілер ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті әзірлейді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте сатып алынатын тауарлардың қысқаша сипаттамасы Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талапты қамтуы тиіс.

Техникалық ерекшелікте мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мынадай жағдайларын қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ, егер мұндай нұсқау сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын болса, өзге де сипаттамаларға нұсқауларды ұстауға жол берілмейді:

негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) толықтыру, жаңғырту және жете жарактандыру үшін;

тауарды лизингке беру жөніндегі қызметтерді жеткізушіні айқындау және лизинг нысанасын егжей тегжейлі сипаттау қажеттілігінің туындауы үшін;

тапсырыс берушіде бар тауарды жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету үшін.

Заңның техникалық ерекшеліктің мазмұнына, жасалуына және талаптарына сәйкестігіне сатып алу бастамашысы жауапты болады.

Бәсекелестік комиссияның құрамына енгізілген тұлғалардың электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болуы тиіс. Бұл ретте ЭЦҚ алумен комиссияның әрбір мүшесі дербес айналысады.

2) сатып алу бастамашысынан өтінім алғаннан кейін және Басқарма төрағасының не оның міндетін атқарушы адамның тиісті бұйрығы бекітілген күннен бастап, ұйымдастырушы;

3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырады;

мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыру жобасында 3 (үш) жұмыс күні ішінде шарттың жобасын жасайды.

33. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезеңдері:

1) конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының, сараптамалық комиссияның құрамын айқындау және бекіту (қажет болған жағдайда);

2) конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастыру;

4) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама жобасын мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы алдын ала талқылауы;

5) техникалық ерекшелікті түсіндіру туралы сұрау салулар келіп түскен жағдайда, сатып алу бастамашысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге жауап жіберу үшін ұйымдастырушыға түсініктеме беруге міндетті;

6) мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурстық құжаттаманы, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың мәтінін алдын ала талқылау хаттамасын орналастыру;

7) әлеуетті өнім берушілердің электрондық құжат нысанында конкурсқа қатысуға өтінімдер беруі және оларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркеуі;

8) өтінімдерді автоматты түрде ашу және мемлекеттік сатып алу веб-порталында тиісті ашу хаттамасын орналастыру;

9) конкурстық комиссияның мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің болмауы тұрғысынан қарауы;

10) конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптары мен талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды конкурсқа қатысушылар деп тану, сондай-ақ конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарына өлшемшарттардың салыстырмалы мәндерін қолдану;

11) конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын мемлекеттік сатып алу веб-порталымен автоматты түрде салыстыру, ең төмен шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын, сондай-ақ екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні айқындау және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыру;

12) әлеуетті өнім берушілердің өткізілген конкурс қорытындыларына шағымдануына бөлінген 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін Қордың конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негізінде жеңімпазбен шарт жасасуы.

8. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

34. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізуді мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор қамтамасыз ететін мемлекеттік сатып алу веб-порталында нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады.

35. Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте тауар аукционның мәні болып табылады.

Тауарды жеткізудің бірнеше орны болған жағдайда аукцион тәсілімен өткізілетін лотта тауарды жеткізудің бірнеше орнын көрсетуге жол беріледі.

36. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі мынадай дәйекті іс-шараларды өткізуді көздейді:

1) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу үшін сатып алу бастамашысы ұйымдастырушыға мынадай құжаттарды қазақ және орыс тілдерінде ұсынады:

осы Регламенттің № 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт үшін ерекше талаптарды көрсете отырып өтінім;

аукциондық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптары (Қағидаларға 18-қосымша);

осы Регламенттің № 5 қосымшасына сәйкес бюджетті жоспарлауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және сатып алудың бастамашысы ретінде әрекет ететін құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасарымен не оларды алмастыратын тұлғалармен келісілген техникалық ерекшелік;

аукциондық комиссияның құрамы.

Осы Регламенттің 36-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген өтінімді беру мерзімі МСА жоспарында көрсетілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жоспарланған мерзіміне сәйкес келуі тиіс.

Тапсырыс берушілер ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті әзірлейді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте сатып алынатын тауарлардың қысқаша сипаттамасы Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талапты қамтуы тиіс.

Техникалық ерекшелікте мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мынадай жағдайларын қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ, егер мұндай нұсқау сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын болса, өзге де сипаттамаларға нұсқауларды ұстауға жол берілмейді:

негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) толықтыру, жаңғырту және жете жарактандыру үшін;

Заңның техникалық ерекшеліктің мазмұнына, жасалуына және талаптарына сәйкестігіне сатып алу бастамашысы жауапты болады.

Аукциондық комиссияның құрамына енгізілген адамдардың ЭЦҚ болуы тиіс. Бұл ретте ЭЦҚ алумен комиссияның әрбір мүшесі дербес айналысады.

2) сатып алу бастамашысынан өтінім алғаннан кейін және тиісті бұйрықты Басқарма төрағасы не оның міндетін атқарушы тұлға бекіткен күннен бастап ұйымдастырушы:

3 (үш) жұмыс күні ішінде аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырады;

мемлекеттік сатып алу веб-порталында аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыру жобасында 3 (үш) жұмыс күні ішінде шарттың жобасын жасайды.

37. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезеңдері:

1) аукциондық комиссияның, аукциондық комиссия хатшысының, сараптамалық комиссияның құрамын айқындау және бекіту (қажет болған жағдайда);

2) аукциондық құжаттама жобасын бекіту;

3) веб-порталда аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ аукциондық құжаттама мәтінін орналастыру;

4) әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттама жобасының веб-порталы арқылы алдын ала талқылауы;

5) техникалық ерекшелікті түсіндіру туралы сұрау салулар келіп түскен жағдайда, сатып алу бастамашысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге жауап жіберу үшін ұйымдастырушыға түсініктеме беруге міндетті;

6) веб-порталда аукциондық құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ аукциондық құжаттама мәтінін орналастыру;

7) әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерді электрондық құжат нысанында ұсынуы және оларды веб-порталда автоматты түрде тіркеуі;

8) өтінімдерді автоматты түрде ашу және веб-порталда тиісті ашу хаттамасын орналастыру;

9) аукциондық комиссияның әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің болмауы мәніне аукционға қатысуға арналған өтінімдерді веб-портал арқылы қарауы;

10) аукциондық құжаттаманың біліктілік талаптары мен талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды аукционға қатысушылар деп тану;

11) мемлекеттік сатып алу веб-порталының аукционға қатысушылардың бастапқы бағаларын автоматты түрде салыстыруы, аукционның ең төмен бастапқы бағасын айқындауы және аукционға қатысуға рұқсат беру хаттамасын орналастыруы;

12) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы аукцион өткізу;

13) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде қалыптастыру және орналастыру;

14) Қордың аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама негізінде жеңімпазбен шарт жасасуы.

9. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

38. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жүзеге асырылады.

39. Өтпеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады, егер:

1) Заңда көзделген жағдайларда конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылса.

Осы ереже конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жарамсыз деп танылған жағдайларға қолданылмайды;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу Заңда көзделген жағдайларда немесе Заңның 15-бабының 7 және 9-тармақтарында көзделген мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған шаралар мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға әкеп соқпаса, өтпеген деп танылса.

40. Өтпеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мемлекеттік сатып алу веб-порталында мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:

1) мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қордың мМемлекеттік сатып алудың осы әдісін қолдануды негіздей отырып, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы шешім (бұйрық) қабылдауы;

2) ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шақыру жіберуі;

3) Заңның 15-бабының 4-тармағында және 16-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда әлеуетті өнім беруші Заңға және Қағидаларға сәйкес айқындалады;

4) әлеуетті өнім берушінің шақыруда көзделген құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы келісімді мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырушыға жіберуі;

5) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бБаға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өтпеген мемлекеттік сатып алу қорытындылары, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға ұсынылатын баға негіздемесі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, ұйымдастырушының веб-портал арқылы әлеуетті өнім беруші ұсынған, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қарауы;

6) әлеуетті өнім беруші сұратылған ақпаратты ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталда орналастыруы;

7) Қордың бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама негізінде әлеуетті өнім берушімен шарт жасасуы;

8) ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қағидаларда айқындалған нысан бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырады.

41. Осы Регламенттің 40-тармағының 1), 2), 5) және 8) тармақшаларының талаптары осы Регламенттің 28-тармағында көзделген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

42. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

43. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алу бастамашысы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жоспарланып отырған өнім берушіні айқындайды.

44. Заңның 16-бабы 3-тармағының 5), 18), 32), 35), 36), 38) және 39) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алу бастамашысы әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін тұлғалардың белгісіз тобына жүгінген, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жария оферта деп танылатын жарнамада, каталогтарда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларында және басқа да ұсыныстарда қамтылған ақпараттың жалпыға қолжетімді көздерін зерделеу жолымен сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында өз қызметін жүзеге асыратын, оның ішінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған ұқсас (ұқсас) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша кемінде үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салулар жібереді.

45. Әлеуетті өнім берушіге жіберілетін коммерциялық ұсыныстарды ұсынуға сұрау салу Қағидалармен регламенттелетін нысан бойынша ресімделеді.

46. Әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстары жеткізілетін тауарлардың (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сипаттамаларын және басқа да растайтын құжаттарды сипаттайтын прайс-парақтар түрінде ұсынылуы мүмкін.

47. Әлеуетті өнім берушілердің ұсынылған коммерциялық ұсыныстарының негізінде Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, сатып алу бастамашысы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін әлеуетті өнім берушіні айқындайды.

48. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін әлеуетті өнім беруші айқындалғаннан кейін сатып алу бастамашысы ұйымдастырушыға қызметтік жазбамен өнім берушіні таңдау негіздемесі мен бағасын көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жоспарланып отырған әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін пайдаланылған барлық құжаттардың көшірмелерін жібереді.

49. Ұйымдастырушы шарт жасасу мақсатында веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді.

Егер әлеуетті өнім беруші шарттың жобасына веб-портал арқылы алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қол қоймаса (электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырмаса), ұйымдастырушы осы әлеуетті өнім берушіге жіберілген шарттың жобасын кері қайтарып алады.

50. Ұйымдастырушы шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есепті орналастырады.

Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепте мыналар қамтылуы тиіс:

1) мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу туралы шешім қабылдаған лауазымды адам туралы мәліметтер;

2) өнім берушіні таңдау негіздемесі;

3) жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бағасының негіздемесі, сондай-ақ шарттың өзге де талаптары.

10. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу және орындау

51. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу Заңға және Қағидаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізіледі.

52. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жобалары уәкілетті орган бекітетін тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарға сәйкес жасалады.

53. Веб-порталдағы мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жобалары сатып алу бастамашысы ұсынған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ерекше талаптар негізінде толтырылады.

54. Веб-порталда мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жобаларын:

1) сатып алу бастамашысы;

2) құқықтық және заңдық сүйемелдеуге жауапты Қордың құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оны алмастыратын тұлға;

3) экономикалық және қаржылық сүйемелдеуге жауапты Қордың құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оны алмастыратын тұлға келіседі.

55. Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мемлекеттік сатып алу туралы шартты қалыптастырады, жариялайды, қол қояды және жеңімпазға жібереді.

56. Ұйымдастырушы жеткізушілердің шарттарға қол қоюын бақылайды және есепке алады.

57. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың және сатып алу бастамашысы жасаған өзге де шарттардың орындалуына сатып алу бастамашысы жауапты болады.

Шарттық міндеттемелерді орындау үшін тауарларды қабылдау, жұмыс, қызмет көрсету және тауарларды жеткізу, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді жүзеге асыру бөлігінде сатып алу бастамашысы мынадай әрекеттерді орындайды:

1) қабылдауға материалдық жауапты тұлғаны (бұдан әрі – МЖТ) анықтау;
2) Қор атынан келесі іс-әрекеттер жасауға құқық беретін ЖМТ-ға тиісті сенімхат алу үшін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге қызметтік жазбаны жіберу:

а) мүліктік құндылықтарды алу;

б) келесі құжаттарға қол қою:

- жүкқұжаттар;

- көрсетілген қызметтер актілері;

- орындалған жұмыстар актілері;

- жауапты сақтаудағы негізгі құралдарды салыстыру актілері;

- сақтау қолхаттары;

в) осы сенімхатпен байланысты басқа да әрекеттер;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген сенімхатты алғаннан кейін жасалған шарт

бойынша негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, тауарлық-материалдық құндылықтарды алу үшін МЖТ-ға біржолғы сенімхат алу үшін Қордың бухгалтерлік есебін жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге қызметтік жазбаны жіберу;

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта белгіленген талаптарға сәйкес тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің МЖТ қабылдауы.

5) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта белгіленген талаптарға сәйкес алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуді жүргізу.

Кепілдік жарнаны қайтаруды бухгалтерлік есепті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сатып алуды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметтік жазбасы негізінде заңда көзделген мерзімдерде және негіздерде жүзеге асырады.

Бұрын өнім беруші Қорға енгізген кепілдік жарна сатып алу бастамашысы және сатып алуды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімше бухгалтерлік есепті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберген өкім мен қызметтік жазбаның негізінде Заңда көзделген жағдайларда соңғысының кірісіне есептеледі.

Бұл ретте өкімді сатып алу бастамашысы дайындайды және оған Қордың Басқарма төрағасы/сатып алу бастамашысына жетекшілік ететін Қордың Басқарма төрағасының орынбасары қол қояды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында тауарды/орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актісіне қол қою үшін МЖТ ЭЦҚ болуы тиіс.

11. Қорытынды ережелер

58. Осы Регламентті орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік Қордың құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлеріне жүктеледі.

59. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

60. Егер осы Регламенттің және/немесе оған қосымшалардың ережелері қолданыстағы Заң мен Қағидалардың ережелеріне қайшы келген жағдайда, осы Регламентке, Заңға және Қағидаларға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін ұстану қажет.

61. Осы Регламентпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Регламентке №2 қосымша

**Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың
20_ жылға арналған жоспарын қалыптастыруға өтінім**

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға өтінім

Р/ с №	Тауардың, жұмыстың, көрсетілеті н қызметтің коды (ТЖҚК сәйкес)	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстарды ң, көрсетілетін қызметтердің атауы	Қосымша сипаттама (МЕМСТ, тауардың, жұмыстарды ң, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы, техникалық ерекшеліктер)	Өлше м бірлігі (ТЖҚ К сәйкес)	Саны, көлем і	Бірлік бағас ы, теңге	Жоспарланға н сома

Орынд.
Толтыру күні:

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің
техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)**

Сатып алу нөмірі:

Сатып алу атауы:

Лоттың нөмірі:

Лоттың атауы:

Лоттың сипаттамасы:

Лоттың қосымша сипаттамасы:

Саны:

Өлшем бірлігі:

Жеткізу орындары:

Жеткізу мерзімі:

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары:

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы
 Ұйымдастырушының атауы
 Конкурс №
 Конкурстың атауы
 Лот №
 Лоттың атауы

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Тауардың атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2010 сәйкес)*	
Жеткізу мерзімі*	
Жеткізу орны*	
Аванстық төлем мөлшері*	
Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған кезде сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.	
Тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысты, үй-жайларды сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауы тиіс	
Кепілдік мерзімі (айлармен)	
Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының ерекшелігі	
Ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (тауарларды монтаждау, баптау, оқыту, тексеру және сынау)	
Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	

Ескертпе.

1. Функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану, өзге де сипаттамалар, ілеспе қызметтер және орындаушыға қосымша шарттар бойынша әрбір талап жеке жолда көрсетіледі.

2. Осы техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
 3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшелік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
- * мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

Регламентке №4-1 қосымша

Конкурстық құжаттамаға 14-қосымша

**Сатып алынатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі жұмыстардың техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы
Ұйымдастырушының атауы
Конкурс №
Конкурстың атауы
Лот №
Лоттың атауы

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Жұмыс атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жұмысты орындау мерзімі*	
Аванстық төлем мөлшері*	
Кепілдік мерзімі (айлармен)	
Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).
Ескертпе: Осы техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес сатып алынатын жұмыстардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы
 Ұйымдастырушының атауы
 Конкурс №
 Конкурстың атауы
 Лот №
 Лоттың атауы

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Жұмыс атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жұмысты орындау мерзімі*	
Аванстық төлем мөлшері*	
Кепілдік мерзімі (айлармен)	
Қажетті сипаттамалардың, параметрлердің және басқа да бастапқы деректердің сипаттамасы	
Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).
 Ескертпе: Осы техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы
 Ұйымдастырушының атауы
 Конкурс №
 Конкурстың атауы
 Лот №
 Лоттың атауы

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Қызмет атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Қызметті орындау мерзімі*	
Аванстық төлем мөлшері*	
Кепілдік мерзімі (айлармен)	
Қажетті сипаттамалардың, параметрлердің және басқа да бастапқы деректердің сипаттамасы	
Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).
 Ескертпе.

1. Әрбір сипаттамалар, параметрлер, бастапқы деректер және орындаушыға қосымша шарттар жеке жолмен көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшелік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы
Ұйымдастырушының атауы
Конкурс №
Конкурстың атауы
Лот №
Лоттың атауы

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Тауардың атауы*	
Тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін ерте болмауы (үш жылға дейін) тиіс	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2010 сәйкес)*	
Жеткізу мерзімі*	
Жеткізу орны*	
Аванстық төлем мөлшері*	
Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған кезде сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.	
Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (тауарларды монтаждау, баптау, оқыту, тексеру және сынау)	
Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	

Ескертпе.

1. Әрбір сипаттамалар, параметрлер, бастапқы деректер және орындаушыға қосымша шарттар жеке жолмен көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшелік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
4. Әлеуетті өнім беруші аукционның жеңімпазы деп танылған және онымен шарт жасалған кезде,

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).

Құрылымдық бөлімшенің басшысы